

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1438 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 24 ақпан N 190. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 1102 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.20. N 1102 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік білім мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсетудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1438 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 47, 440-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім беру мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсетуінің тәртібі:

мынадай мазмұндағы 2-3-тармақпен толықтырылсын:

"2-3. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының ақылы білім беру қызмет көрсетуіне, сондай-ақ жоғарғы, жоғарғы оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызмет көрсетуі жатады".

5-тармақтың үшінші абзацында:

"2-1 және 2-2-тармақтарында" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1 және 2-2, 2-3-тармақтарында";

"кәмелетке толған азаматтар" деген сөздерден кейін "немесе заңды тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын.

6-тармақтың екінші абзацындағы "2-1 және 2-2-тармақтарында" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1 және 2-2, 2-3-тармақтарында".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*